


БІР ҒАСЫР ТАРИХЫ БАР ҰЛТ БАСЫЛЫМДАРЫНЫҢ АТАСЫ



Негізі 1913 жылы 2 ақпанда қаланған республикалық газет

№ 03 (900), 26 қаңтар, 2018 жыл



Әлем көз тіккен Мекке

Ең ақыры, үстел үстінде жатқан қойын дәптер мен қаламсапқа, жұмыатын сабынның тұр-түрі мен полиэтилен қорабшаларына дейін. Асып-тасқан байлықты емес, қызмет көрсетудің жоғары мәдениетінің нышанын сездіргендей.

Адам жады, адамның ес қоймасы – шын мәнінде керемет. Осыдан отыз-қырық жыл бұрын ұстазім, марқұм Сейдахмет аға Бердіқұлов айтқан әңгіме есіме түсіп отыр. Кеңес дәуірінде жер жүзін шарлаған жалғыз қазақ Сейдаған шығар. Жалын шағмызы өткен жастар басылымында жүргенде «Марriott» қонақ үйінің атын алғаш рет со кісінің аузынан естіген едік. Англияда, Мексикада, Германияда болғанда өзі аялдаған мейманханалар қызметін тамсана әңгімелейтін редакторымыз «Тіпті, қонақ үйлерінің ваннасы мен әжетханасына телефон орнатылған. Демек, бір нөмірде төрт-бес телефон. Біздегі секілді кеңеңдейтін жалғыз-жарым телефонға таласып-тармасып, я болмаса аяғыңнан тік тұрып кезек күтпейді...» Таңдаймызды таңқылатып, басымызды шайқаған жағдай тұра қарсы алдымынан шыққандай. Құлақ естігенді көз көрді деген осы. Адамға қажетті нәрсенің бәрі бар. Кондиционер, кабельді теледидар, интернет, телефон, сейф, радио, мини-бар, ақшыл ТВ, фен, етек жабыдықтары, сабилерге арналған бесік-төсек... Бөлменіңден шығып бір мезгіл емін-еркін бой жазғыңыз келсе автокөлік прокаты, жүзу бассейні, спорттық жаттығу залы мен теннис кортының есігі айқара ашық. Әрине, мұның бәрі қонақтардың ойдағыдай жақсы демалап, тынығуы үшін жасалған игіліктер.

Журналистер тоқтаған Жиддадағы бұл 7 қабатты қонақ үйінің іргесі 1983 жылы қаланыпты. Меймандарға жоғары талапқа сай 156 нөмір қызмет көрсетеді. «Марriottтың» Медине шаһарындағы серігі Пайгамбарымыздың (с.ғ.у.) қасиетті мәнінен небәрі төрт жүз бес жүз метр жерде бой көтерген. Дәлмез жазып ол қонақ үйде бір күн, бір тұн болдық. Жалпы қос қаладағы «Марriottтың» әлемнің түкпір-түкпірінен құрақ үшін жеткен қажыларға мінсіз көрсеткен ілтипатты қызметі үкілет айтуға тұрарлық. Бүге-шігесін тәптішпеймі, бүгінгі нарық заманында өмір сүріп жатқан отандастарымыздың назарын қызықты деректерге ғана аударғамыз келеді.

Мәселенкі, Американың әйгілі қонақ үйлер жүйесінен саналатын «Marriott International» негізі Вашингтонда, 1927 жылы 15 мамырда қаланыпты. Аса ірі компанияның қазір АҚШ пен дүние жүзінде 70 елде 2800 мейманханасы бар. Олардағы қонақ бөлмелердің ұзын саны – 499165. Демек, жарты миллион номері Соңғы мәліметтер бойынша компания құрылымында 143000 адам қызмет істейді екен. Жалпы жылдық табыс айналымы 15 миллиардтан астам АҚШ долларын құрайды. Бас айналардың цирфирла! Әрине, ә дегеннен ешкім де байлыққа белшесінен бата қоймайтын мәлім. Осыдан сексен бес жыл бұрын американдық жас жігіт Джон Уиллард Марriott келіншегі Элис екеуі Вашингтонда бір көшеі бойынан газдалған сусындар сататын тоғыз орынды шағын бар ашады. Бизнесі жүре бастаған олар он жылдың ішінде кішігір асханадан, авиакомпаниялардың рейстеріне дайын тағамдар әзірлейтін қуатты фирмаға айналады. 1957 жылы компанияның ең алғашқы қонақ үйі жұмыс істей бастайды. Ал 1969 жылдан бері Марriottтың атақ-даңқы халықаралық нарықта әйгілсі. Оған біз жоғарыда тілге тек еткен деректер айғақ болса керек. Айналырдың жиырма жылда қарыштап өлең жайған қонақ үй бизнесі Марriott есімін үлкен бөлекке бөлейді. 1985 жылы әкесі қайтыс болғаннан кейін, компания тізгінін оның ұлы кіші Марriottтың ұстайды. Екесінің ісінің жалғастырушы тарихтағы ең ірі оқиғаның өз мейманханасында болғанын әрдайым мақтанып сезімімен әңгімелейді. 1987 жылы желтоқсанда АҚШ президенті Рейган мен Горбачевтің кездесуін жазу үшін төртүкл дүниенің түкпір-түкпірінен келген 6000 журналистің «Марriottта» орналасқанын, қаламгерлерге арналған баспасөз орталығында барлық жағдайдың жасалғанын қуана еске түсіреді. Жақсыдан үлгі алу, үйрену ләзім. Туристерге, еңбек демалысын ойдағдай өткізуді мақсат еткен тынығушылар мен іссапарда жүрген адамдарға жоғары деңгейдегі қызмет мәдениетін көрсету – темірқазық нысана. Дүние жүзінің жетпістен астам мемлекетінен бас қосқан журналист ағайындар сапындағы біз де көрсетілген құрмет пен ізетті қажылық сапардың әр сәтінде айқын сезіндік.

...Бөлмені тұмшалап жауып тастаған терезенің пердесін шетін жайлап сырғытып көріп едім, ерсілік-қарсылы ағылған мәшинелердің айқаш-үйкіш сызылған сәулелері бірден шалынған. Жарықтарды сендіріп, сыртқа үңілдім еріксіз. Бірден байқадым, бәнара біз келген Палестина даңғылы екен. Қаланың күретамыры іспетті. Шаһар ұйықтап жатса да тыным жоқ. Ертеңгі жеңіл-желпі тамақтан соң бірінші қабатқа түстік. Қаламын суреті бейнеленген плакат-бағдарламаға тесілген төрт-бес жігіт назарларымызды аударып, жылыұшырай құшақ жайған.

– Қазақсындар ма? – деді тығыршықтағы, еңселі жігіт иығындағы камерасын қолына ұстап. – Мен әзербайжандық әріптестерім боламын, аты-жөнім Азерб Мамедов. Жақында қырыққа толдым. Республикалық телевидениеде істеймін. Сендерді жаңа ресторанды көрдім, қазақша сөйлесіп отыр екенсіңдер. Мына жігіттердің барлығы да журналистер көрнеді. Жаңадан танысып жатырмыз...

– Қателсіп тұрған жоқсың, қазақпыз. Туысқаның боламыз, екеуміз де Астанадан келдік, – дедім үлкендік ізетпен қолымды ұсынып. – Менің есімім Жанат, ал

қасындағы құрдасыңның аты Альберт. «Кемедегінің ханы бір» демекші, жата-жастан танысып-білісерміз... – Әрине, Жәннат аға. Сіздікі дұрыс. Альбертті менен кіші ме десем, нағыз ровеснигім боп шықты. Қандай қуанышты!..

– Әзімің жұмсақ тіліне орысшасын араластырып сөйлеген Азербен оп-оңай түсінісіп, маз-мейрам боп қалдық. – Қашан келдің? – Ыстамбұл арқылы ма? Әлде, Бакуден төте рейс бар ма?

Оқшауырақ жұмсақ диванға жайғасқаннан соң барлап, жаңа танысымыз басынан кешкенін жыр ғып шертті. – Ертеде ата-бабаларымыз қажылыққа қиналып жеткенін жақсы білесіңдер ғой. Қысқасы, мен де біраз азап көрдім, – деген әзілдей жымыңдап. – Ауа райының қолайсыздығынан ушағымызды Ыстамбұл қабылдамай, Анкарада жарты күн бөгелдік. Жиддаға кештетіп келдік. Аз-маз ағылшынам мен түрікшеміді бірде-бір арабақ үз-үзір алсамшы. Өбден қиналдым жалғыз өзім. Мен ойлағанымын, арнайы біреу-іреу күтіп алатын едім. Амалсыздан туннің бір уағы болса да, осы шаһарда қызмет істейтін жерлесім, дәрігер досыма телефон шалдым. Мен-жайды түсінген Азат пәтеріне апарып қондырып, демалдырып дегендей ес жиғызды. Ел-елден қажылыққа шақырылған журналистердің тұрақтайтын жерін, яғни осы қонақ үйін де досым тауып берді емес пе. Көне, екінші қабаттағы баспасөз орталығына барайық. Өзіміздің Өзбекстаннан Байназаров Нығметолла деген тележурналист жүр. Сендермен таныстырайын бауырларыңды.

Орынымыздан өре түрегеле Бергенімізде: – Орта толсын жігіттер, – деген өкпе тұсымызға жалт қарастық. – О-о, Азербкан, туысқандарыңды тауып алғансың ба?

– Міне, жаңағы айтқан Нығметолланың өзі де келді. – Иә, ниеттерің қабыл болғай. Қалай жеттіңіздер, қашан келдіңіздер? Тым тәуір болды, мына Азерб екеумізді кешелі-бері жалғызсырап жүр едік. Қарашы, бір ғана Қазақстаннан екі журналист келіпті, ә?І Яқшы-яқшы... Ендігі жерде еш алаңдайтаны жоқ. Қазақтар айтады ғой: «Төртеу түгел болса, төбегі келеді». Әлі асықпай таныса жатармыз. Құрбан байрамына дейін осындамыз... Жүріңдер, қазір қарсы алу бөлмесінен іхрамымызды алады екенбіз. Бізге сыйлық ретінде тегін беретін көрнеді. Құдай сәтін салса, ертең түстен кейін Меккеге барамыз, умра жасаймыз. Содан кейін өз ретімен үлкен қажылық, Арафатта болып, Музаллифа мен Минаға барып, Жамарат ақабаға – үш ібілісті бейнеленген тас бағандарға, яғни шайтанға үш құн тас лақтырамыз...

Ертеңіне қатарымызға Түркіменстаннан келген Дәулеткелді Анамуратов, душанбелік Сарбан Сайдов пен мәскеулік татар жігіті Шәмсі Идиатуллин қосылды.

Түбі бір туысқандар-біре-сареміз. Ең жақсысы, төрт тілде сөйлейтін тәжік журналисті арабша ағып тұр.

КӨЗ АЛДЫМДА – ЖҮРЕКТЕГІ СУРЕТ

Қол ұстасып, ығы тіркесен біз қажылық парызымыз негізгі міндеттеріміз бірі – ихрам хал-күйіне кірудің барлық шарттарын мүлтіксіз орындап, ақ шалаладай боп шыға келдік. Әрине, айтуға жеңіл. Әйтпесе... екі белек шүберекті, яғни «изар» мен «ридань» лыпасыз жалаңаш дөңізеге оранып жүрудің өз машақаты әжелтауы әуеге түсіргені бар. Түймесіз, ілпексіз жалаң екі жапырақ маңынан «кип» жүруге де өйтін-бүйтін машықтанып алдық. Ұзындығы кере қулаш, ең бір арышндай еш жеріне ине тимеген екі кез ақ матаның бірі – етек ретінде белге оралса, екіншісі соли мықтап асырылып, кеуде мен арқаны жауып тұрады. Ихрамға ауысу – потуасыз бұл өмірдің дүниеуай тірлігінен қол үзу, Алланың құзырына көшу деген сөз. Қажылық аяқталғанын, ихрамдық хал-күйден шыққанына тәуәп етушінің сақал-мұрты, тырнағы алынбайды, бас киім киймейді, шаш тармайды, иіс-су жағылмайды, қасиетті аймақтары өсімдік атаулының жапырағын үзіп, бұтағын сындыруға, жыныстық қатынас жасауға рұқсат етілмейді. Ихрамды жамылып сыртқа шыққанында бойымды ерекше бір сезім бөлгендей күй кештім. Көз алдыма Жиддаға ұшардағы Ыстамбұл әуежайындағы көрніс елестеген. Жолаушыларды тіркеп, алыс сапарға аттандыратын ашаптырғын зәулім залдың іші лық толы – ихрам киген үлкен-кіші. Барлығы да түрік туыстар. Мұсылмандық парызыарын өтеуге асыққанын аңғару киім емес. Қатты танданғанбыз, қатты қызықанбыз. Лек-легімен ағылған қалың нөпір өз кезегімен, өз ретімен ұшып жатыр, ұшып жатыр. Солардың санатында біздің рейстің жолаушылары да ілгері жылжуда. Ұшақ табалдырығы алдындағы соңғы аялдамада біз күтпеген тосын жайдың күесі болдық. Алға озынқыраған дөңгелек жүзді, сәлдегі жігіт ағасы өз тобына қарата: «Көне, еңкі-үш мәрте қайталап көрейікші. Қазір әуеде микат шекарасына жеткенде дауыстап айтамыз» деді мұң екен ошарлылар олар тәлія, яғни жалбарыну сөздерін саңқылдатып қол берді:

«Ләббайкал-ла-умма ләббайк, ләббайка лә шарикә ләкә ләббайк, иннал-хамда, узнийһәтә, ләкә уәл-мулк, лә шарикә ләкә».

Қазақша мағынасы: «Ей, Алла! Міне, мен Сенің алдыңдамын. Міне, мен Сенің алдындамын. Сенің ешбір серігің жоқ, міне, мен Сенің алдындамын. Расында, мадақ, нығмет және мүлік Саған тән. Сенің серігің жоқ». Тәлібия

айту арқылы әр мұсылман өзінің қажылық гивадатын бастағанын білдіреді.

Осы жерде кейбір жасалатын міндетті іс-әрекеттерді ежіктеп айтқан орынды секілді. Өйткені, көп жұрт нақты біле бермейді. Қажылықта ихрам кию, Арафатта уақфа (Арафат тауында Алла тағалаға жалбарынып тілек түсіп, сыйыну) жасау, Қабаны тәуәп (тауаф) ету парыз. Қажылық гивадатын орындау үшін атқарылатын негізгі міндеттерді ретімен былайша тізуге болады. Ихрам, тәуәп, сағи, уақфа, шайтанға тас ату, құрбан шалу, шаш алдыру (қысқарту). Бұлардың әрқайсысы жөнінде шама-шарқымыз өз кезегінде тоқталамыз. Умра (ұмыра – кіші қажылық) жылдың кез келген мезгілінде өтелсе, ал үлкен қажылық (Хажд) Құрбан айт қарсаңында, Зұлхиджа айының алғашқы он күнінде атқарылады. Қажылық пен умраға ниет етіп, тәлібия айту арқылы ихрамға кіруге болады есептеледі. Әйелдер үшін ихрам тәрзіді арнайы киім жоқ. Ашық-шашық жүрмей, жабылуға лайықты да ыңғайлы молынан тігілген көйлек киеті, басына орнамал тартып, аяғына шоқай іледі. Әр адам микат аумағына еңбестен бұрын алдын-ала тырнақтарын алып, денесінің түктерін тазартады. Мүмкіндік болса фусыл алғыны абзал, болмаса дарет алады. Микат белгісінен бастап жоғарыда келтірген тәлібие сөздерін дауыстап әлденеше мәрте қайталайды.

Әлденше мәрте еткен микат аймақтары қасиетті Меккеге жолы түскен кез келген жанның толық түсініп, ажыратқаны жөн. Пайгамбарымыз (с.ғ.у.) умра және қажылық амалдарын өтеуге ниеттенген адамдарға бес мекенді ихрам киетін жер ретінде нақтылағаны мәлім. Бұл мекендер мыналар:

1. Зул-хулайфа. Ол – Медине қаласына жақын маңда орналасқан. Медине таралынан қажылыққа келе жатқан адамдар ихрам киімін осында киеті. Меккеден 450 шақырым жерде орналасқан. Қазіргі кезде бұл аймақ «Әбяр али» деп аталады.
2. Әл-Жухфа. Ол – Рабиг қаласына жақын маңда орналасқан ауыл. Бұл жерде Мысыр, Шам (Иордания, Сирия, Палестина, Ливан) тарапынан қажылыққа келе жатқан адамдар ихрам киеті. Ол Меккеден 183 шақырым.
3. Қаруұл Мәнәзил. Нәжд (Сауд Арабиясының орталық және шығыс аудандары) тарапынан қажылыққа келе жатқан адамдардың ихрам киетін жері. Ол Меккеден 75 шақырым. Қазір бұл жер «әс-Сәйлул кәбир» деп аталады.
4. Яламәл. Йемен тарапынан қажылыққа келе жатқан адамдардың ихрам киетін орны. Ол Меккеден 92 шақырым.
5. Зәту ирк. Ирак тарапынан қажылыққа келе жатқан адамдардың ихрам киетін жері. Меккеден 94 шақырым.

Сонымен сапар қарсаңында жаттап алған тәлібия сөздерін көпке қылып, біз де сан мәрте қайталағанбыз. Тіліміз мүдирмейді. Кеудемізді бөлшекше бір сезім көргендейді.

Мейманхананың барлық жайларында, холлдарында, Ақпарат үзірлігінің штабы мен баспасөз орталығындағы теледидарлар жергілікті арналар Меккеден үздіксіз таратып жатқан бейнехабарларды тәулік бойы көрсетеді. Құлаққа қанық, жүрекке ұрлаған сөздерді енді міне, біз де хормен айта бастадық. Қырық-еуу журналист жайғасқан автобус жол ашысын қуырып келеді. Алғашқы топ умраны кеше жасап қайтқан. Бүгін олар Мединеге аттанып кеткен ертелетіп. Өйткені, жол ұзақ – шамасы төрт жүз шақырым. Ал, Мекке Жиддадан 70-75 шақырым көрнеді. Былайша айтқанда, таық тастам жер. Таспадай тіліңнен күретамырдың өзге кең әрі қауіпсіз. Қарсы қозғалыс жоқ. Қос қалтап жолдеңгі ортасын аласа пальмалар мен бөкене ағаштар бөлген. Айрықша назар аудартатыны, жасыл желкестердің жүлгесін қуалай су тұрбалары тартылыпты. Әр тал ағаштың түбінде мөлт-мөлт бұрқақтарға өмір нәрі жылт-жылт етеді. Бұл күнде бізге жетіп отырған тамшылайтын суарудың бір түрі осы болса керек. Осында келгенде естіген қызықты дерекке назар аудартқым келеді. Жасыл-желкек қат бұл елде әр тал ағашқа, яғни күтіп-баптауға шамамен, жылына алты мың американ доллары көлемінде қаржы бөлінеті екен. Аз ба, көп пе? Оны есептеп жатуудың өзі ыңғайсыз. Қадап ескертірміз, араб жұртының әр жайға, әр мәселеге жүрдім-бардым қарамайтындығы. Адам қолынан келер қай іске болсын зор мән беріп, жауапкершілікпен жүзеге асыруында. Көп дәлелдің бірі – біз аялдаған «Марriott» қонақ үйінің төңірегінде ыргалып тұрған мәңгі көк-жасыл пальмалар. Құм-шөлейтті оазиске айналдырған бейнетқор халықтары тастама өнегесін, қажырлы еңбегін аңғару қиын емес. Үйренетін үрдіс-әк. Себебі, Сауд Арабиясына іссапарға келгендердің дені мұндағы жерасты суларын тиімді пайдаланудағы игі тәжірибелерін үнемі үлгі етіп сөйлеуде негіз бар. Патша сарайларын айтпағанын өзінде, алпауыт мекемелер мен әдеттегі кеңселердің ішінде өсіп тұрған арқилы өсімдіктердің өң-бөлініс күні-түні себезгілей мөлтідеген су бұрқақтары мойын бұрғызбай қоймайды. Жолдың екі жағалауына алма-кезек жалтақтап келеміз. Ашық, алаңай бос жатқан жер байқалмайды. Іркес-іркес көй көтерген зәулім ғимараттар, шоғыр-шоғыр ауылдар, көк күмбезді мұнаралы мөштітер, қатар-қатар тізілген үлкенді-кішілі сауда орталықтары мен дүкендер... Біріне-бірі ұласып, бірінен соң бірі дөңгеленіп қалып жатыр...

Әуелдегідей емен, қозғалыстың көптігінен автобусымыз да әлсін-әлсін-шүн тартизы, кібіртіктей береді. Жоқ, әлде алып-ұшқан жүргенімізге қанат біткендей ме? Ілгері ұмтыла, алға көз сүземіз жарыса. «Ендігі

қасиетті Меккенің төбесі көрініп, әл-Харамның («Әл-Бәйтүл-һарам» – Қасиетті мешіт) көк тіреген зүмірет мұнаралары қол бұлғаса керек». Сөз жоқ, тура осы мезетте жарқылдап-жайраңдап отырған менің тағдырлас серіктерім – Алжирден, Чадтан, Шри-Ланкадан, Нигерден, Суданнан, Камеруннан, Тунистен, Ливиядан, Малиден, Жапониядан, Ресейден, Әзербайжаннан, Өзбекстаннан, Сербиядан, Түркиядан, т.б. елдерден келген жігіттер де осындай ойдың құшағында.

Бірін-бірі жанай, өз қатарларын қатаң сақтап, оңтайлы тұста айналып алға түскен сәтте суретін сан мәрте қызға тамашалаған Құран-қағпа көзіме оттай басылған. Үлкен трассаның екі жиегін жартылай доғаша иіп қосқан әдемі тұғыр-қақпаның дәл төбесінде парактары айқара ашылған Құран бейнеленген. Тамаша архитектуралық белгі-ескертікіш – Қасиетті алып кітап сонадайдан көзге ұрады. Сәулет өнерінің өзгеше үлгісі сипатындай талайлардың жүрегіне ұрлаған осынау Мекке қақпасының авторы өзіміздің қандасымыз екендігі жөнінде белгілі публицист-журналист, бір шаңырақта қызмет істейтін әріптесім Жанболат Аупбаев сыр етіп шертеді. Ол бұл әңгімені кезінде Сауд Арабиясындағы Қазақстан елшілігінде қызмет істеген Әбсаттар қажы Дербісәліден естіген екен. Көңіл бөлерлік дерек ұшқынын әдейі жаңғыртып отырмын. Есімізде жүргей. Тағы да соңыма қадала қараймын. Асқақтаған шаһар қақпасының сұлбасы қарауытып шалынған. Тағатысыздынып отырған жігіттер бірауыздан «Ләббайкә» деп тәлібиені дауыстап өлендете жөнелді. Сол-сол-ақ екен алды-артымызда жүйткіген көліктегілер мен жаулатып сап түзеген құлшылық жасаушылардың қалың нөпірі бірінен кейін бірі іліп өкетті. Ғажап ырғақ, ғажап әуез – Мекке аспанын көрнеп тұр.

Көлігіміз де тасбақадай жыбырлап қалған. Тұс-тұстан, жан-жақтан ағылған халықтың легінде қисап жоқ. Құдды толассыз тасқын. Қарға адым жер – мұң. Көше қиылыстарындағы кептелісті реттеген полицейлердің мазасыз жұмыстарын іс-қимылдарынан ап-нақ көресіз. Сөйтсе де жүздерінен реніштің, дегбірсіздене әбіржүздің еш нышаны сезілмейді. Барлығын да сабырға жеңдірген. Қиян қиырлардан, алыс шалғылардан, сенгір-сенгір тау асып, телегей-теңіз су кешіп келген, іргедегі елдерден жаяу-жалпылап зарығып ансап жеткен адамдардың қас-қабағына – Алланың қонағы деп қарап қызмет көрсетуді басты борышы санайды.

...Кешкі шырақтар жамыраған шақта Қабғаның түбіндегі зәулім-зәулім жеті ғимараттан тұратын әйгілі «Меридиан» мейманханасына маңдай тіредік. Құмырсаңның илеуіндегі, құжынаған қажылар. Өңкей ихрам оранған үлкен-кіші... Тұр-түсі, сөз-тілі, өң-күйі – алуан-алуан. Сүзіліп жанар жүгіртемін жан-жағыма. Бір-әркімді шырамытыңқырап, сөзге тартып та қоямын. Ешқайсысы бұлқ етпейді, түсінебейді. Жымындаған күйі кідірмей өте шығады. Әзірге бірде-бір қазақты ұшыратпадым. Индонезия, Тайланд, Малайзия, Бахрейн, Марокко, Танзания, Того, Сингапур, Эфиопия, Непал тәрзіді тағы басқа елдерден келген қажылардың сапында, сөз жоқ, менің Қазақстанымнан ыңтыға жеткен төрт мыңдай жамағат жүр. Олардың қайсыбірімен осы зұл-хижжа күндері әлі-ақ кездесіп қалармыз.

Орайлы мезетте ескертер бір дерек. Қажылық парызыарын өтеу үшін Меккеге жол сайын дүние жүзінің 125-130 мемлекетінен миллиондаған адам келетін көрнеді. Сауд Арабиясы Ақпарат министрілігінің мәліметтеріне жүгінесек, биыл олардың нақты саны үш жарым миллионнан асып отыр.

Шырысқы атып, тағатысызданғанымыз сезе қойған Альберт:

– Әлхамдулиллаһ, – деді мейманхана ішіндегі дүңгіршектерді жағалап жанар жүгірте жүріп. – Құдай сәтін салса, қазір жүніпін-шайынның алған соң Қағбаға барамыз. Менің түсінігім, екі аялдамаға жетер-жетпес. Өз бетімізше тартып кетуге болмайды. Тартпй солай. Сабыр. Көрмесің бе, арабтар әсте асықпайды. Айтпақшы, Жәке, зәмәзм тек осында сатылады екен. Арнайы он литрлік ыдысқа құйылғаны, сондай-ақ шағын-шағын базарлық құтылары да бар деді. Дүкенші өзбек жігіттерінен анықтап, сұрап білдім...

Күткен сәт. Тобымызды шашуа шығармастан төте тұрнылымен зүылдатып алып келген. Құбыланың қасында тұрмыз. Күндізгідей жал-жарық. Бейне таулардың алаңанындағы күміс зерендей мөлтідеген қасиетті мешіттің айнала-төңірегі тұрмақ, қою қаранғылыққа сүңгіген заңғар мұнаралардың ұшар басындағы қалақтай Айдың өзі ал-ғайық, жарқырап шалынады. Кезекті рәсімдердің тәртібін егжей-тегжейлі түсіндірген бойы көк бастаған алжирлік журналист жігіт Мустафа Шәрифтің соңынан ілестік.

Әл-Харамның ешқандай ғимаратқа, ешқандай кешенге ұқсайтын өзіндік архитектуралық сән-салтанаты керемет. Әлемдегі ең алып мешіт ерікісі тамсанатады, сүйсінеті. Іші-сырты құрқынаған халық. Тайын жылылардай айнадай жалтыраған қызылқуырған гранит төсеніштердің қалы кілемдерге тірлеген тұрсында тәпшікемізді шешіп алдық. Табанымыз аплақ нәрмұнда тиген. Басуға қимайсыз. Жаланаықпыз бәріміз де. Ебедейсіз қимылдап, сүрініп қалмауға тырысаңыз. «Сақтықта – қорлық жоқ». Адамдар алысы толассыз. Теңіздей толқиды. Сән бөлеуге болмайды. Самаладай жарқыраған қабырғаны жанай өрлеген кең баспалдақпен көтеріліп, алғінде ғана мезгелген егіз алып мұнара – Әбдел Әзиз қақпасына бұрыла бергенімізде сол жағымыздан ертеден білетін, қарашадайдан мимымда шөпшестей бұл кескінделген, санамда мәңгі қашалған таньыс бейне көзге оттай басылған.

Қасиетті «Қаба! Қасиетті Құбыла! Қасиетті қара тас – «Хажр әсуаті!» Қара тас деген мағынаны білдіретін бұл сөзді Хәжәруұл Суәд деп те атайды. Оны Қағбаның құншығыс жағындағы бұрышына хазірет Ибраһым (с.ғ.у.) қойған. Тәуәп осы бұрыштан басталып, әр айналымда оған сәлем жасалады. Қос жанарымды аудармаған қалымда алға іліп келемін. Қабғаны сағат тіліне қарсы айналып жүргендердің санында қисап жоқ. Үлкен қажылықтың алғашқы шарты – Қағбаға сәлем беру хорасын бастап кеттік. Тәуәпшілер арасында жүре алмайтын мүгедектер, кеудіреген қариялар да бар. Оларды арнайы тасушылар зәулімдеріне салып, адамы сирек сырт шырбермен алып жүреді. Қоларбаға танылғандар үшін екінші қабатқа Қағбаны айналдыра жүретін бөлек жол жасалған. Ілкі сәттік әсер үстінде мүлдем байқамаппын. Құлшылық жасап жалбарынғандар, ағыл-тегіл егілген жарымжан ғариптер аяқ астында да мүлгіп-шұлып отыр. Іштей қубілеймін: «Бұған да шүкір! Қүдіреті күшті Алла, ризамын!». Міне, Меккеде тұрмын. Мың мәрте тәубе!..»

Маңайыма қызғыа, тандана қараймын. Қарақұрым жұрттың тілін түсінбесем де, бақытты жүздерінен ерекше қуаныш сезімін аңғарғаным рас. Тіпті, өзбәйсіының жүрегү лүпілін естіп тұрғандаймын. Қара сәкпен бейнелеп жеткізе алсамшы. Көзімді тырнап ашқаннан аялап, қастерлеп жүргенімің бір бұрышында құндақтаған ғажайып сурет. Іә, көз алдыма – жүректегі сурет!

Құмарым қағбай, көзім тоймай қарай беремін, қарай беремін...



Жанат қажы ЕЛШІБЕК